ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ ЛИЦЕЙ-МЕКТЕБІ» КММ

БҰЙРЫҚ
2024 ж. «02» қыркүйек
№ 1-06/148

Мектеп формасы туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 өзгерістер мен толықтырулар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 № 250, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 № 534) бұйрығы және Мектеп жарғысы (15.11.22 ж.) және қамқоршылық кеңестің 21.08.2024 ж. № 2 хаттама шешімі, мектептің ішкі ережесі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп формасының талабы сақталсын

Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрсын.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрсын. Орамал, үшкіл орамал (косынка) тағуға тыйым салынсын.

2. Мектеп спортзалында табаны ақ аяқ киім киілсін.

3. Сыртқы келбет - мектеп оқушысына тән болсын (шаштарын әр түрлі түске бояуға, ұл балаларға шаштарын бұрымдауға және түрлі жасанды шаш формаларын жасауға және бұйралауға, жасанды тырнақ, кірпік жасауға, бет-әлпетті әрлеуге тыйым салынсын).

4. Қымбат, сенсорлық ұялы телефон ұстауға тыйым салынсын (мектепке кнопкалы ұялы телефонмен ғана келуге болады).

5. Бағалы заттармен қоса қымбат әшекей бұйымдарды әкелуге және қымбат киім-кешектерді киіп келуге тыйым салынсын.

6. Мектеп тәртібі қатаң орындалсын (мектепте айқайламау,үзілісте жүгірмеу, мектеп ішінде тәртіпмен жүру, мектеп мүлкін сындырмау,мектеп спортзалында тәртіпке бағыну, мектеп асханасында тәртіпті сақтау, ыдысты сындырмау, мектеп ауласында себепсіз жүрмеу, мектеп стадионын ластамау, қоғалды жұлмау, мектеп кітанханасында тыныштықты сақтау).

7. Сабаққа кешігіп келуге,сабақтан рұқсатсыз, ескертусіз кетіп қалуға тыйым салынсын.

Сынып жетекшілер ата-аналар мен оқушыларды ескертіп, таныстым деп қол жинап алды. Сонымен қатар, балалардың мектепке қымбат телефон,

8. 1-11 сынып жетекшілері ата-аналарды осы бұйрықпен таныстырсын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауы басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Г.Б. Абдыкаримоваға, Д.С. Баильдиноваға жүктелсін.